«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»

Қазақтың ұлттық ертегісі
«Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай»

Өткізген:

Ересек «Жұлдыз-ай» тобының тәрбиешісі: Р.Х.Бурханова

Қантар 2024

Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай
Мақсат: Біртұтас тәрбие бағдарламасының жоспары бойынша ересек топ тәрбиеленушілерімен қазақтын ұлттық ертегісін «Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай» сахналады.
Міндеті: Сахналау арқылы балалардың тіл байлығын, сөздік қорын дамыту. Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу.
Автор- Мерей: Ерте,ерте,ертеде Шықбермес Шығайбай деген бай болыпты. Бай өте сараң,үйіне қонған адамға ас бермейді екен,үйіне кісі келсе, «Шық әй!»дейді екен. Бір күні Алдар көсе байды мырза етем-деп Шығайбайдың үйіне келіп, «Не істеп отыр екен,-деп сығалап қарайды да,Алдар:
Алдар-Абат: -Кеш жарық!-деп кіріп келеді.
-Әй қу екенсіндер,бәрін тығып үлгердіндер ме?
Бай-Жансен : -Қайдан жүрген сұмсың?Қайда барасың?Не естіген,не білгенің бар?

Алдар-Абат: -Жолда үлкен сары жылан көрдім,жуандығы сенің астындағы қазыдай.Таспен ұрдым сенің астындағы қойдын басындай , ол иленді кемпірдің астындағы нандай,өтірік болса сақалым жұлынсын қыз астындағы тырнадай,бәрін соның көріп келдім,шығарыңдар асты ұрламай.
Бай-Жансен: -Шоқ түссін тіліне!
Кемпір-Каусар: -Тілің кесілсін!
Келіншек-Әмина: -Жағың қарыссын!
Қыз-Ләйла: -Ішің толсын!
Бай-Жансен:-Қазыңды аса бер кемпір.

Кемпір-Каусар: (қазанға тамақты салып) –Піс қазаным бес ай,-дейді.
Алдар-Абат:- Отырайын он ай!
Автор-Мерей:Біраз отырғаннан кейін:
Бай-Жансен:- Әй кемпір төсек сал!-дейді.

Автор-Мерей: Кемпірі төсекті салып бәрі жатады.Алдар орнынан тұрып,қазандағы етті алып,оған теріні салып қояды.

Бір уақытта бай:
Бай-Жансен:- -Мына ит ұйықтады білем,түсір асыңды тез.
Автор-Мерей:Кемпір қараңғыда асты түсіреді.
Бай-Жансен:-Мына етің не болып кеткен,өңкей шандыр.
Автор-Мерей:Ақыры олар аш жатады.

Автор-Мерей:Таңатты. Таңертең бай жолға шығатын болып, кемпіріне жолға тамақ дайында дейді. Кемпірі ошақтан ыссы нанды алып байдың қойнына тыға салады,
Алдар-Абат:- Е,байеке,достарша көрісіп,қоштасайық.(деп құшақтап қыса береді)

Бай-Жансен:- Ой,Ой тоқта!Мына ит жегірді ит жесін деп,- Алдарға лақтырады .
Алдар-Абат:- Етігім жыртылып жүр еді,бізіңді бермейсің бе?(қоймай айта береді)
Бай-Жансен:- Ай,алсаң алшы,антұрған! Ал да қараңды жоғалт!(Бай кетеді)
Автор-Мерей: бай кетісімен Алдар байдың кемпіріне жүгіріп келіп,
Алдар-Абат:- Ал қызыңызды киіндіріңіз.
Кемпір-Каусар:-Не үшін?
Алдар-Абат:-Баймен келістім берсін деді.
Кемпір-Каусар:- Жоғал әрі!Саған беретін қызым жоқ!
Алдар-Абат:- Әй бай!Бізбикені бермей жатыр.
Бай-Жансен:- Әй,бер,бізді! Жоғалт мынаның көзін!
Автор-Мерей: Сонымен Алдар байдың қызы Бізбикешті алып, еліне қайтады
Алдар «Алдардың ойыны осылай болады»